

"Кредиттік бюролардың, банктар, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, микроқаржы ұйымдары және коллекторлық агенттіктер болып табылатын ақпарат берушілердің және кредиттік есептерді алушылардың қызметін ұйымдастыру кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына және 3-тармағының 9) тармақшасына сәйкес кредиттік бюролардың ақпаратты берушілерге және кредиттік есептерді алушыларға қойылатын талаптардың бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 228 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2024 жылғы 16 тамыздағы № 59 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 19 тамызда № 34948 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Кредиттік бюролардың, банктар, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, микроқаржы ұйымдары және коллекторлық агенттіктер болып табылатын ақпарат берушілердің және кредиттік есептерді алушылардың қызметін ұйымдастыру кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына және 3-тармағының 9) тармақшасына сәйкес кредиттік бюролардың ақпаратты берушілерге және кредиттік есептерді алушыларға қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 228 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17702 болып тіркелген) (бұдан әрі – қаулы) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

қаулыда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Кредиттік бюролардың, ақпарат берушілердің және кредиттік есептерді алушылардың қызметін ұйымдастыру кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге

қойылатын талаптарды, сондай-ақ Кредиттік бюrolардың ақпарат берушілерге және кредиттік есептерді алушыларға қоятын талаптарын бекіту туралы;

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюrolар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 6) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Кредиттік бюrolардың, ақпарат берушілердің және кредиттік есептерді алушылардың қызметін ұйымдастыру кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын талаптар;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Кредиттік бюrolардың ақпарат берушілерге және кредиттік есептерді алушыларға қоятын талаптары бекітілсін.";

1-қосымшада:

такырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Кредиттік бюrolардың, ақпарат берушілердің және кредиттік есептерді алушылардың қызметін ұйымдастыру кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын талаптар";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Кредиттік бюrolардың, ақпарат берушілердің және кредиттік есептерді алушылардың қызметін ұйымдастыру кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын талаптар "Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюrolар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 6) тармақшасына сәйкес өзірленді және банкпен, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйыммен, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйыммен, коллекторлық агенттікпен, бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын банктің еншілес ұйымымен, екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданатын ұйыммен, микроқаржы ұйымының қамтамасыз етілген облигацияларды шығару немесе қарыздар алу кезінде микрокредит беру туралы шарт бойынша талап ету құқықтарын кепіл ұстаушы-занды тұлғамен, секьюритилендіру мәмілесі кезінде Қазақстан Республикасының секьюритилендіру және жобалық қаржыландыру туралы заңнамасына сәйкес құрылған арнайы қаржы компаниясымен, акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын тұлғамен, банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда, микроқаржы

ұйымдарында қаржыны негізделген орналастыру арқылы жеке кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру жөніндегі мәміле шенберінде жасалған банктік қарыз шарты, микрокредит беру шарты бойынша жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорымен, өзге тұлғамен – кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты жеке тұлғаның банктік қарыз шарты бойынша, микрокредит беру туралы шарт бойынша немесе ол бойынша халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес, оның ішінде банктік қарыз шарты бойынша, микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықты (талапты) сатып алу немесе пайда болу (құру) сәтіне құнсыздану белгілері анықталған заңды тұлғаның банктік қарыз шарты бойынша, микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтарына (талаптарына) қатысты жасалған банктік қарыз шарттары және (немесе) микрокредит беру туралы шарттар бойынша құқықтарды (талаптарды) сенімгерлік басқару шенберінде банктік қарыз шарттары және (немесе) микрокредит беру туралы шарттар бойынша банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, құқықтарды (талаптарды) сенімгерлік басқаруды жүзеге асыратын коллекторлық агенттіктер мен сервистік компаниялардың қызметін ұйымдастыру кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды белгілейді.";

37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"37. Кредиттік бюроның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары:

- 1) қызметкерлердің кредиттік бюроның ақпараттық қауіпсіздікке қойылатын талаптарды (бұдан әрі – ақпараттық қауіпсіздікке қойылатын талаптар) қамтитын ішкі құжаттарымен танысуын қамтамасыз етеді;
- 2) олар басқаратын бөлімшелерде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге дербес жауапкершілік атқарады.
- 3) кредиттік бюро бөлімшесі келісімдерді, шарттарды жасасуға бастамашы болған жағдайларда конфиденциалды ақпаратты жария етпеу туралы келісімдер жасасуды және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы талаптарды осындаі келісімдерге, қызметтер көрсетуге/жұмыстарды орындауға арналған шарттарға енгізууді қамтамасыз етеді.";

мынадай мазмұндағы 40-1-тармақпен толықтырылсын:

"40-1. Ұшінші тұлғалардың кредиттік бюросының ақпараттық активтеріне қолжетімділік Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, ақпараттық қауіпсіздікке қойылатын талаптарды сақтау туралы талаптарды қамтитын келісім, шарт негізінде жүргізілетін жұмыстар айқындастын кезеңге және көлемде беріледі. Ақпарат берушімен, кредиттік есептерді алушымен, үшінші тұлғалармен жасалатын келісімдерде, шарттарда конфиденциалдылық туралы ережелер, ақпараттық қауіпсіздіктің бұзылуы, сондай-ақ ақпараттық жүйелердің жұмысындағы іркілістер және кредиттік бюроның, ақпарат берушінің, кредиттік есептерді алушының,

үшінші тұлғалардың әрекетінен немесе әрекетсіздігінен туындаған олардың қауіпсіздігінің бұзылуы салдарынан туындаған залалды өтеу туралы талаптар қамтылады";

7-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"7-параграф. Кредиттік бюrolардың ақпараттық қауіпсіздігінің жай-күйі, оқиғалары мен оқыс оқиғалары туралы ақпаратты ұсынуға қойылатын талаптар";

79, 80 және 81-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"79. Кредиттік бюро жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 20 қантарынан кешіктірмей уәкілетті органға ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесінің жай-күйі және оның Талаптарға сәйкестігі туралы ақпарат ұсынады.

80. Ақпараттық қауіпсіздіктің жай-күйі туралы ақпаратта:

1) кредиттік бюроның ақпараттық қауіпсіздігін басқару жүйесінің қолданылу аясы және олардың функционалының Талаптарға сәйкестігі көрсетіле отырып оның қатысуышылары;

2) ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін құру және оның жұмыс істеуін регламенттейтін құжаттардың болуы;

3) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын бағдарламалық-техникалық құралдардың болуы және сандық құрамы;

4) байланыс операторларымен жасалған қызмет көрсету туралы шарттардағы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі талаптар мен міндеттемелер;

5) деректерді өндеудің резервтік орталықтарының болуы, материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі және дайындығы;

6) кредиттік бюроның ақпараттық қауіпсіздігін және ақпараттық активтерін басқару жүйесін Талаптарға сәйкес келтіру бойынша жүргізілген іс-шаралар туралы мәліметтер қамтылады.

81. Ақпараттық қауіпсіздіктің жай-күйі, ақпараттық қауіпсіздіктің оқиғалары мен оқыс оқиғалары туралы ақпарат уәкілетті органға оқиғалар мен оқыс оқиғалар туралы ақпаратты өндеуге арналған ақпараттық қауіпсіздік және ақпараттық қауіпсіздік жүйелерімен немесе кредиттік бюро жүйелерімен біріктірілген, ұсынылатын деректердің конфиденциалдылығы мен түзету енгізбеуді қамтамасыз ететін криптографиялық қорғаныс құралдарымен ақпаратты кепілді жеткізуіндегі транспорттық жүйесін қолданумен, ақпараттық инфрақұрылымдағы немесе электрондық форматтағы оқиғалар туралы ақпаратты нақты уақытта жинауды және талдауды жүзеге асыратын ақпаратты өндеудің автоматтандырылған жүйесі (бұдан әрі – АӘЖ) арқылы ұсынылады.

Мемлекет қатысатын кредиттік бюро үшін ақпараттық қауіпсіздік оқиғалары мен оқыс оқиғалары туралы ақпаратты уәкілетті органға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ААӘЖ-мен ықпалдастырылған ақпараттандыру объектілері арқылы беруге жол беріледі.";

мынадай мазмұндағы 81-1 және 81-2-тармақтармен толықтырылсын:

"81-1. Кредиттік бюро уәкілетті органға мынадай анықталған ақпараттық қауіпсіздік оқиғалары туралы ақпарат береді:

1) қолданбалы және жүйелік бағдарламалық қамтылымдағы осалдықтарды пайдалану;

2) ақпараттық жүйеге рұқсатсыз кіру;

3) ақпараттық жүйеге немесе деректерді беру желісіне "қызмет көрсетуден бас тарту" шабуылы;

4) серверге зиянды бағдарлама немесе код енгізу;

5) ақпараттық қауіпсіздікті бақылауды бұзу салдарынан ақшалай қаражатты рұқсатсыз аударуды жүзеге асыру;

6) ақпараттық жүйелердің бір сағаттан артық тоқтап қалуына әкеп соққан ақпараттық қауіпсіздіктің өзге де оқыс оқиғалары.

Осы тармақта көрсетілген ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары туралы ақпарат кредиттік бюроға ұсынылатын деректердің конфиденциалдылығын және түзету енгізбеуді қамтамасыз ететін криптографиялық қорғаныс құралдарымен ақпаратты кепілді жеткізудің транспорттық жүйесін қолданумен, АӨАЖ арқылы немесе электрондық форматта дереу беріледі.

Мемлекет қатысатын кредиттік бюро үшін ақпараттық қауіпсіздік оқиғалары мен оқыс оқиғалары туралы ақпаратты уәкілетті органға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ААӨЖ-мен ықпалдастырылған ақпараттандыру объектілері арқылы беруге жол беріледі.

81-2. Ақпараттық қауіпсіздік оқиғалары туралы ақпарат АӨАЖ-дағы кредиттік бюроның ақпараттық инфрақұрылымындағы оқиғалар туралы ақпаратты нақты уақытта жинауды және талдауды жүзеге асыратын ақпараттық қауіпсіздік жүйелерінен немесе кредиттік бюро жүйелерінен беру арқылы автоматтандырылған режимде беріледі.

Мемлекет қатысатын кредиттік бюро үшін ақпараттық қауіпсіздік оқиғалары мен оқыс оқиғалары туралы ақпаратты уәкілетті органға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ААӨЖ-мен ықпалдастырылған ақпараттандыру объектілері арқылы беруге жол беріледі.";

3-тaraу мынадай мазмұндағы 8-параграфпен толықтырылсын:

"8-параграф. Кредиттік бюrolардың қызметтерді қашықтан көрсететін бағдарламалық қамтылымының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

81-3. Кредиттік бюроның қызметтерді қашықтан көрсететін бағдарламалық қамтылымына мыналар кіреді:

1) веб-қосымшалар серверлерінің бағдарламалық қамтылымы (бұдан әрі – веб-қосымша);

2) мобиЛЬдік құрылғыларға (бұдан әрі – мобиЛЬдік қосымша) арналған бағдарламалық қамтылым;

3) бағдарламалық интерфейстер серверлерінің бағдарламалық қамтылымы (бұдан әрі – серверлік БК).

81-4. Қызметтерді қашықтан көрсететін бағдарламалық қамтылымды әзірлеуді және (немесе) пысықтауды кредиттік булоның бағдарламалық қамтылымын әзірлеу және (немесе) пысықтау тәртібін, әзірлеу кезеңдерін және олардың қатысушыларын регламенттейтін ішкі құжаттарына сәйкес кредиттік було жүзеге асырады.

81-5. Егер кредиттік було қызметтерді қашықтан көрсететін бағдарламалық қамтылымды әзірлеу және (немесе) пысықтау тысқары үйымға және (немесе) үшінші тұлғаға берген жағдайда, кредиттік було тысқары үйымның және (немесе) үшінші тұлғаның осы тараудың және ішкі құжаттардың талаптарын орындаудың қамтамасыз етеді, қызметтерді қашықтан көрсететін бағдарламалық қамтылым қауіпсіздігінің жай-күйіне жауап береді.

81-6. Кредиттік булоада әзірленетін қызметтерді қашықтан көрсететін бағдарламалық қамтылымның бастапқы кодтарын сақтау резервтік көшіруді қамтамасыз ете отырып, кредиттік булоның қорғау аясында орналастырылатын код репозиторийлерін басқарудың мамандандырылған жүйелерінде жүзеге асырылады.

81-7. Кредиттік булоада қабылданған қызметтерді қашықтан көрсететін бағдарламалық қамтылымды әзірлеу және (немесе) пысықтау тәсіліне қарамастан, қауіпсіздікті тестілеу міндетті болып табылады, оның барысында кем дегенде мынадай іс-шаралар жүзеге асырылады:

1) бастапқы кодты статикалық талдау;

2) құрауыштарды және (немесе) тысқары кітапханаларды талдау.

81-8. Кредиттік булоның қызметтерді қашықтан көрсететін бағдарламалық қамтылымының бастапқы кодын статикалық талдау тексерілетін бағдарламалық қамтылымда қолданылатын барлық бағдарламалау тілдерін талдауды қолдайтын бастапқы кодтарды статикалық талдау сканерін қолдана отырып жүзеге асырылады, оның функциялары келесі осалдықтарды анықтауды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

1) зиянды кодты инъекциялауға мүмкіндік беретін тетіктердің болуы;

2) бағдарламалау тілдерінің осал операторлары мен функцияларын пайдалану;

3) әлсіз және осал криптографиялық алгоритмдерді пайдалану;

4) белгілі бір жағдайларда қызмет көрсетуден бас тартуды немесе кредиттік булоның қызметтерді қашықтан көрсететін бағдарламалық қамтылымының жұмысын айтарлықтай баяулатуды тудыратын кодты пайдалану;

5) кредиттік булоның қызметтерді қашықтан көрсететін бағдарламалық қамтылымын қорғау жүйелерін айналып өту тетіктерінің болуы;

6) кодта құпияларды ашық түрде пайдалану;

7) қосымшаның қауіпсіздігін қамтамасыз ету үлгілері мен практикаларын бұзу.

81-9. Кредиттік бюроның қызметтерді қашықтан көрсететін бағдарламалық қамтылымның құрауыштарын және (немесе) тысқары кітапханаларын талдау құрауыштың және (немесе) тысқары кітапхананың пайдаланылатын нұсқасына тән белгілі осалдықтарды анықтау, сондай-ақ құрауыштар және (немесе) тысқары кітапханалар мен олардың нұсқалары арасындағы тәуелділіктерді қадағалау мақсатында жүргізіледі.

81-10. Кредиттік бюро атқарушы орган бекіткен ішкі құжатта айқындалған тәртіппен анықталған осалдықтарды жою жөніндегі түзету шараларының іске асырылуын қамтамасыз етеді. Бұл ретте маңызды осалдықтар қызметтерді қашықтан көрсететін бағдарламалық қамтылымды және (немесе) оның жаңа нұсқаларын пайдалануға бергенге дейін жойылады.

81-11. Кредиттік бюро ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі бөлімшемен келісілгеннен кейін қызметтерді қашықтан көрсететін бағдарламалық қамтылымды және (немесе) оның жаңа нұсқаларын пайдалануға енгізуі жүзеге асырады.

81-12. Кредиттік бюро соңғы 3 (үш) жыл ішінде пайдалануға берілген қызметтерді қашықтан көрсететін бағдарламалық қамтылымның бастапқы кодтарының және қауіпсіздікті тестілеу нәтижелерінің барлық нұсқаларын сактауды және жедел режимде оларға қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

81-13. Қызметтерді қашықтан көрсететін бағдарламалық қамтылымның клиенттік және серверлік тараптары арасында деректер алмасу Transport Layer Security (Транспорт Лейер Секьюрити) шифрлау хаттамасының 1.2-ден төмен емес нұсқасын пайдалана отырып шифрланады.

81-14. Клиентті мобильді қосымшада бастапқы тіркеу кезінде кредиттік бюро сәйкестендіру деректерімен алмасу орталығы (бұдан әрі - СДАО) арқылы немесе кредиттік бюро құрылғылары арқылы алғынған биометриялық деректерді пайдалана отырып, Клиентті биометриялық сәйкестендіруді жүзеге асырады.

81-15. Мобильдік қосымшаға кіру кодын (құпиясөзін) өзгерту СДАО растаған биометриялық деректерді пайдалана отырып, клиенттің биометриялық сәйкестендіруін қолдану немесе несиелік бюро құрылғылары арқылы алғынған биометриялық деректерді пайдалана арқылы жүзеге асырылады.

81-16. Қызметтерді қашықтан көрсететін бағдарламалық қамтылымда клиентті идентификаттау және бірдейлендіру кредиттік бюроның ішкі құжаттарында белгіленген қауіпсіздік рәсімдеріне сәйкес екі факторлы бірдейлендіру тәсілдерін (үш фактордың екеуін: білімін, иеленуін, ажырамастығын) пайдалана отырып жүзеге асырылады.

81-17. Қызметтерді қашықтан көрсететін бағдарламалық қамтылымды кроссдомендік бірдейлендіру тетігі ақпараттық қауіпсіздік бөлімшесімен келісіледі.

81-18. Веб-бағдарлама:

- 1) веб-қосымшаның кредиттік бюроға тиесілігін идентификаттаудың (домендік атауы, логотиптері, корпоративтік түстері) бірегейлігін;
- 2) браузердің жадында авторизациялық деректерді сақтауға тыйым салуды;
- 3) енгізілген құпияларды жасыруды;
- 4) веб-қосымшаны пайдалану кезінде клиенттің авторизациялау парагында ұстануға ұсынылатын кибергигиенаны қамтамасыз ету шаралары туралы хабар беруді;
- 5) клиент интерфейсінде конфиденциалды деректердің көрсетілуіне жол бермей, қате туралы ең аз жеткілікті ақпарат бере отырып, қателер мен ерекшеліктерді қауіпсіз тәсілмен өндеуді қамтамасыз етеді.

81-19. Мобильдік қосымша:

- 1) мобильдік қосымшаның кредиттік бюроға тиесілігін идентификаттаудың (ресми қосымшалар дүкеніндегі деректер, логотиптер, корпоративтік түстер) бірегейлігін;
- 2) операциялық жүйенің тұтастығын бұзу және (немесе) қорғау тетіктерін айналып ету, қашықтан басқару процестерін анықтау белгілері анықталған жағдайда кредиттік бюроның қашықтан қызмет көрсету жөніндегі функционалын бұғаттауды;
- 3) клиентке мобильдік қосымша жаңартуларының бар екендігі туралы хабарлауды;
- 4) маңызды осалдықтарды жою қажет болған жағдайларда мобильдік қосымшаның жаңартуларын мәжбүрлеп орнату немесе оларды орнатқанға дейін мобильдік қосымшаның функционалын бұғаттау мүмкіндігін;
- 5) құпия деректерді мобильдік қосымшаның қорғалған контейнерінде немесе жүйелік есептік деректер қойmasында сақтауды;
- 6) құпия деректерді кэштеуді болдырмауды;
- 7) мобильдік қосымшаның резервтік көшірмелерінен құпия деректерді ашиқ түрде алғып тастауды;
- 8) клиентті мобильдік қосымшаны пайдалану кезінде ұстануға ұсынылатын кибергигиенаны қамтамасыз ету әдістері туралы хабардар етуді;
- 9) клиентті оның есептік жазбасындағы авторландыру оқиғалары, құпиясөзді өзгерту және (немесе) қалпына келтіру, кредиттік бюро, тіркеген ұялы телефон нөмірін өзгерту туралы хабардар етуді;
- 10) ақшалай қаражатпен операцияларды жүзеге асыру барысында клиенттен рұқсат болған кезде мобильдік құрылғының геолокациялық деректерін кредиттік бюроның серверлік БҚ-ға беру не мұндай рұқсаттың жоқ екендігі туралы ақпаратты беруді қамтамасыз етеді.

81-20. Кредиттік бюро өз тарапынан:

- 1) жауапта конфиденциалды деректердің жария етілуіне жол бермей, проблеманың диагностикасы үшін ең аз жеткілікті ақпарат бере отырып, қателер мен ерекшеліктерді қауіпсіз тәсілмен өндеуді;
- 2) мобильдік қосымшаларды және олармен байланысты құрылғыларды идентификаттауды және бірдейлендіруді;

3) жасанды сұратулар мен зиян код инъекциялары шабуылдарының алдын алу үшін деректердің жарамдылығын тексеруді қамтамасыз етеді.";

2-қосымшада:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Кредиттік бюролардың ақпарат берушілерге және кредиттік есептерді алушыларға қоятын талаптары";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы кредиттік бюролардың ақпарат берушілерге және кредиттік есептерді алушыларға қойылатын Талаптары (бұдан әрі – Талаптар) "Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 6) тармақшасына сәйкес әзірленді және жүйелендірілген белгілері "Тауарларды және көрсетілетін қызметтерді кредитке өткіzetін не төлемдердің мерзімін ұзартатын жеке кәсіпкерлердің немесе заңды тұлғалардың жүйелендірілген белгілерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 18 қаңтардағы № 25 Қаулысында (бұдан әрі - № 25 Қаулы) айқындалатын тауарларды және көрсетілетін қызметтерді кредитке өткіzetін не төлемдердің мерзімін ұзартатын жеке кәсіпкерлер немесе заңды тұлға, коммуналдық қызметтерді көрсететін табиғи монополия субъектілері, ақпарат беру туралы шарттардың негізінде өзге де тұлғалар болып табылатын (бұдан әрі – ақпарат берушілер) ақпарат берушілердің, сондай-ақ жүйелендірілген белгілері № 25 қаулыда айқындалатын тауарларды және көрсетілетін қызметтерді кредитке өткіzetін не төлемдердің мерзімін ұзартатын жеке кәсіпкерлерлер немесе заңды тұлға, ақпарат беру туралы шарт негізінде өзге де тұлғалар, облигациялар ұстаушылардың мұдделерін білдіру туралы шарт жасалған облигациялар эмитентінің кредиттік есебіне қатысты облигациялар ұстаушылардың өкілі болып табылатын кредиттік есептерді алушылардың (бұдан әрі – кредиттік есептерді алушылар) қызметін ұйымдастыру кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге кредиттік бюролар қоятын талаптарды айқындейді".

2. Ақпараттық және киберқауіпсіздік департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны реңми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің реңми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту Агенттігінің Төрағасы*

M. Абылқасымова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК